"ЖАБДЫҚТАУ"
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІК

ТОВАРИЩЕСТВО
С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
"ЖАБДЫҚТАУ"

120004, Қызылорда қаласы
Сейфуллин көшесі, 32 үй
тел/факс: 8(7242) 224152

120004, город Кызылорда
ул. Сейфуллина, 32
тел/факс: 8(7242) 224152

2018 жылғы 20 қыркүйек *№ 76* *20 сентября 2018 года*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНА

"Жабдықтау" ЖШС-гі, "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ ұйымдастыруымен өткен № 2800363-1 «Арал ауданы Октябрь ауылдық округі, Шижага ауылында мәдениет үйі құрылысы» электронды конкурсына қатысып, әлеуетті өнім беруші ретінде, аталған конкурстың қорытынды туралы хаттамасына келіспейтінімізді білдіреміз.

Қорытынды туралы хаттамада:

- *Конкурстық құжаттамаға сәйкес әлеуетті өнім берушімен біліктілік талаптары туралы №5-қосымшасының электрондық көшірмесі ұсынылмауына байланысты(ұсынылғаны 29.08.2018 жылғы №169 шешіммен бекітілген конкурстық құжаттаманың 16, 44-тармақтарына сәйкес емес;*
- *«Сыр-Арал сараптама» ЖШС-гі қосалқы мердігер ретінде тартылғанымен, оның конкурстық құжаттамаға сәйкес әлеуетті біліктілік талаптары туралы №5-қосымшасының электрондық көшірмесі ұсынылмаған(ұсынылғаны 29.08.2018 жылғы №169 шешіммен бекітілген конкурстық құжаттаманың 16, 44-тармақтарына сәйкес емес, ҚР «Нормативтік құқықтық акті туралы» Заңының 43-бабына сәйкес есепке алынуға жатпайды).*

"Жабдықтау" ЖШС-гі көрсетілген ескертулермен келіспейді, себебі Конкурстық құжаттамаға сәйкес №5 қосымшасын портал талаптары бойынша толық толтырып, цифрлық қолтаңбамен бекітіліп автоматты түрде енгізілген және де, қосымша ретінде электронды көшірмесіде салынған. Қосалқы мердігер ретінде тартылған "Сыр-Арал сараптама" ЖШС-не қатысты Конкурстық құжаттамаға сәйкес №5 қосымшасы ұсынылған және құжаттар толығымен көрсетілген.

Конкурс талабы бойынша әлеуметтік өнім беруші қатысушылардың жұмыс тәжірибесі 2 (екі) жыл мерзімнен кем болмауы тиіс.

Әлеуетті өтінім беруші "Берен" ЖШС-не қатысты қорытынды хаттамасында жоғарыда көрсетілген ескертулер берілмеген, алайда біліктілік талаптары туралы №5-қосымшасының электрондық көшірмесі басқа да әлеуетті қатысушылармен бірдей ұсынылған. "Берен" ЖШС-ң жұмыс тәжірибесін есептеу барысында 8 жыл деп көрсетілген. Алайда, әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары туралы №5-қосымшасында бірде-бір жогарыда аталған конкурс бойынша ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада белгіленген сатып алынатын жұмыстар нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарға сәйкес құрылыс нысандары салынбаған.

"Жабдықтау" ЖШС-гі аталған талапқа сай 2 жыл жұмыс тәжірибесі бар екенін ескертеміз.

- *"Қызылорда қаласы Махамбет ауылындағы 150 орындық ауылдық клубының құрылысы"*

2013 жыл;

- *"Қызылорда облысы Арал ауданы Қамыстыбас ауылындағы 150 орындық ауылдық клубының құрылысы" 2015 жыл;*

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сүйене отырып, № 2800363-1 «Арал ауданы Октябрь ауылдық округі, Шижаға ауылында мәдениет үйі құрылысы» электронды конкурс нәтежиесін қайта қарап, әділ шешім қабылдауыңызды сұраймыз.

«Жабдықтау» ЖШС-ң директоры **А. Т.Суюнтаев**